

ӘУЕЗОВ УНИВЕРСИТЕТІ

М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университетінің газеті

№58 (223), қазан, 2024 ж.

Тіл тағдыры –
ел тағдыры

5

Жоғары оқу орындары
арасында тәжірибе алмасу

6

Будущее принадлежит тем,
кто верит в свою мечту

10

ҰЛТТЫҚ МЕРЕКЕ ҰЛЫҚТАЛДЫ

Әуезов университетінің ұжымы 25 қазан Республика күні мерекесін салтанатты түрде атап өтті. Шараға оқу ордамыздың профессор-оқытушылар құрамы, қызметкерлер және студент жастар қатысты. Салтанатты жиында сөз алған М.Әуезов атындағы ОҚЗУ Басқарма Төрағасы-ректор м.у.а. Ғани Бесбаев университет ұжымын Республика күнімен құттықтап, алдағы жұмыстарына табыс тіледі. Сондай-ақ Ғани Әбзелбекұлы:



- Бүгінде біздің Қазақстанның саяси-экономикалық, ғылым және жоғары білім салаларындағы, сондай-ақ оның әлемдік аренадағы жетістіктерін мақтанышпен атап өткім келеді. Бұл мерекені атап өтуді біздің университет бастап та кетті. Күні кеше Түркістан сарайында Мәдениет және өнер факультетінің ұйымдастыруымен танымдық кештің куәгері болдық. Бұл жастарымыздың бойында отансүйгіштікті қалыптастырып, студенттерімізге шабыт сыйлағаны айқын. Осынау атаулы күнде тілейтініміз Отанымыз – Қазақстан есіп өркендей берсін» - деген тілектестігін білдірді.

Мерекелік шарада Басқарма Төрағасы ғылым және жоғары білім саласында жемісті еңбек еткен бірқатар профессор-оқытушы құрамын министрліктің төсбелгісі мен құрмет грамотасы, сондай-ақ алғыс хаттарымен марапаттады.

Іс-шара соңы концерттік бағдарламаға ұласты.

Әуезов университеті баршаңызды еліміздің ұлық мерекесі Республика күнімен құттықтайды!

Еліміз аман, төңірегіміз түгел, Тәуелсіздігіміз тұғырлы болсын!



Құрметті М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университетінің ұжымы! Қадірлі әріптестер және студент жастар!

Баршаңызды елдігіміздің жаршысы, Тәуелсіздігіміздің символы – Республика күні мерекесімен шын жүректен құттықтаймын! Бұл ұлық мереке – еліміздің мемлекеттілігі жолындағы алғашқы тарихи қадам.

Бұлай дейтініміз, 1990 жылғы 25 қазанда Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесі тәуелсіз Қазақстанның бірінші құқықтық құжаты – Республиканың егемендігі туралы декларацияны қабылдап, Қазақстанның Тәуелсіз мемлекет ретіндегі саяси-құқықтық негізін жариялады.

Егеменді мемлекеттіліктің негізгі қағидаттары ретінде мыналар белгіленді: біртұтас мемлекет, аумақтың тұтастығы, бөлінбейтіндігі мен қол сұғылмаушылығы, қазақ халқының және Қазақстанның басқа да халықтарының өзіндік мәдениетін, дәстүрлерін, тілін жаңғырту және дамыту, ұлттық бірегейлікті нығайту.

Мемлекет басшысы осынау мерекенің маңызы туралы: «Республика күні – халқымыздың рухын көтеріп, елдігімізді нығайтатын, бірлігімізді бекемдеп, ынтымағымызды арттыратын айшықты мереке. Біз Әділетті Қазақстанды құруға кірістік. Барша қазақстандықтар белсене атсалысқанда ғана осы игі мақсатқа қол жеткізе аламыз. Себебі мемлекеттің тірегі де, басты байлығы да – азаматтар!

Жаңғырған ұлттық мерекемізге орай өңірлерде бірлігіміздің символы – көк байрағымызды көтеруге арналған салтанатты рәсім өтеді. Бұл – ұрпақ санасында отансүйгіштік қасиетті, елдік рух пен ұлттық ұстанымды бекемдей түсетін маңызды шара. Көк туымыз – егемендік, азаттық, бірлік, бейбітшілік сынды ізгі құндылықтарды ұштастыратын қастерлі рәміз», - деген болатын.

Бүгінде біздің Қазақстанның саяси-экономикалық, ғылым және жоғары білім салаларындағы, сондай-ақ оның әлемдік аренадағы жетістіктерін мақтанышпен атап өткім келеді.

Бұл мерекені атап өтуді біздің университет бастап та кетті. Күні кеше Түркістан сарайында Мәдениет және өнер факультетінің ұйымдастыруымен танымдық кештің куәгері болдық. Бұл жастарымыздың бойында отансүйгіштікті қалыптастырып, студенттерімізге шабыт сыйлағаны айқын.


Осынау атаулы күнде тілейтініміз Отанымыз – Қазақстан есіп өркендей берсін!

Еліміздің ынтымағы халқымыздың бірлігі, татулығы мен келісімі біздің мемлекеттілігіміздің мәңгілік берік тірегі болсын!

Еліміз аман, жұртымыз тыныш болсын!

Мереке баршаңызға құтты болсын!

**Бесбаев Ғани Әбзелбекұлы,
М.Әуезов атындағы ОҚУ
Басқарма Төрағасы-
Ректордың м.у.а.**



НҰРТАС ОҢДАСЫНОВ – ТАРИХ ЖӘНЕ ТҰЛҒА

Әуезов университетінде Нұртас Оңдасыновтың 120 жылдығына арналған ғылыми конференция өтті.

М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университетінде ұлтымыздың көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері, Қазақстанның ғылым академиясының дербес құрылуына бастамашы болған Нұртас Оңдасыновқа мемориал тақта орнатылып, тұлғаның атынан оқу залы ашылды. Іс-шара қазақтың біртуар азаматының 120 жылдығына арналған «Нұртас Оңдасынов – тарих және тұлға» атты ғылыми-практикалық конференция аясында ұйымдастырылды.

Н.Оңдасыновтың мәңгілік мұрасын жаңғыртып, ұлттың дамуына қосқан үлесін насихаттау мақсатында ұйымдастырылған конференцияға мемлекет және қоғам қайраткерлері Қуаныш Айтаханов, Зауытбек Тұрысбеков, Оразкүл Асанғазы, оңдасыновтанушы Г.Оразалы, «Нұртас Оңдасынов Қоғамдық қоры» Қамқоршылар кеңесінің төрағасы С.Тәукебаев, Шымкент қаласы әкімінің орынбасары С. Құранбек, өңірдің зиялы қауым өкілдері, профессор-оқытушылар құрамы және студент-жастар қатысты.

Ғылыми конференцияда университеттің Басқарма Төрағасы-ректордың м.у.а. Ғани Бесбаев Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрі Саясат Нұрбектің мерейтойға арналған құттықтауын жеткізді.

Ғани Әбзелбекұлы Нұртас Дәндібайұлының Әуезов университетінің тарихында үлкен орны бар азамат екенін атап өтті: «1943 жылы



қиын-қыстау уақытта Шымкент технология институты жабылғанда, Нұртас ағамыз шұғыл шешім қабылдап, Мәскеудегі Сталинге кіріп, табандылығының арқасында оқу ордасын сақтап қалды. Алдағы уақытта жас ғалымдарымыздың тарапынан тұлғаның өмірі мен шығармашылық мұрасы жаңа дәуірде ғылыми зерттеулеріне өзек болады деп айта аламыз» - деді.

Нұртас Оңдасыновтың есімі Қазақстанның даму кезеңімен тығыз байланысты. Ұлт қайраткері

еліміздің мұнай-газ саласын игеру, Қазақ Ғылым академиясы, қыздар педагогика институты, Абай атындағы Опера және балет театры, консерватория тағы өзге нысандардың ашылуына ұйытқы болды. Ғылыми басқосуда қатысушылар ғалымның өмірі мен еңбек жолындағы осындай естеліктерімен бөлісіп, мектеп бағдарламасындағы әдеби оқулықтарға мұрасын енгізу туралы ұсыныстарын да жеткізді.



ДУХОВНОЕ СОГЛАСИЕ-ПУТЬ К ЕДИНСТВУ НАРОДОВ

18 октября в честь Дня духовного согласия Южно-Казахстанский университет имени М. Ауэзова провёл встречу на тему: «Духовное согласие – путь к единству народов». Мероприятие организовал Центр развития личности и Ассамблеи народа Казахстана.

На встрече выступили: доцент кафедры гражданского права и гражданского процесса, к.ю.н. А. Есеналиев, доцент кафедры политологии, к.ф.н., руководитель Научно-экспертной группы при Ассамблее народа Казахстана города Шымкент С. Корганов, а также директор Евразийского центра медиации и председатель Совета медиации при Ассамблее города Шымкент Л. Акшегирова. В мероприятии приняли участие преподаватели и студенты.

Цель встречи – разъяснить студентам важность межэтнического согласия и мира в Казахстане, а также воспитывать казахстанский патриотизм. Напомним, что в октябре 1992 года прошёл Первый всемирный конгресс духовного согласия. Его участники провозгласили 18 октября Днём духовного согласия – днём примирения, прекращения конфликтов, поиска мира, благотворительности и помощи ближнему.



С тех пор эта дата отмечается в Казахстане как памятный день.

Руководитель Центра и модератор Г. Жанысбекова в своём вступительном слове отметила значимость мероприятия. С докладом также выступил доцент кафедры казахского языка и литературы Южно-Казахстанского педагогиче-

ского университета имени Ө. Жәнібекова, к.ф.н., заместитель председателя Турецкого этнокультурного центра «Ахыска» города Шымкент А. Курбанов.

В завершение встречи участникам были вручены благодарственные письма.

ҰЛТ РУХАНИЯТЫНЫҢ РУХТЫ ТҰЛҒАСЫНЫҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ КЕШІ ӨТТІ



«Шыншыл ақын болу деген – азаптың ең азабы, Сол азапқа төзе білу – ғажаптың ең ғажабы...» деп жырлаған қазақтың талантты ақыны, халық жазушысы, Қазақстанның еңбек ері Мұхтар Шаханов М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университетінде қонақта болып, қаланың зиялы қауым өкілдері, профессор-оқытушылар құрамы және студент жастармен кездесті.

Университеттің Басқарма Төрағасы-ректордың м.у.а. Ғани Бесбаев ақынның өмір және шығармашылық жолына тоқталып: «Бұл күн – тарихи күні. Жастар сіздер халқымыздың ардақтысымен кездесу сәті бұйырып, жүздесу, сұхбаттасу бақытына ие болдыңыздар. Тағылымды кештің берері көп» деді.

Әуезов университетінің ғылыми кеңесінің шешімімен Мұхтар Шахановқа оқу ордасының «Құрметті профессоры» атағы берілді.

Шығармашылық кеште Әуезов жастары бірінен соңы бірі ақынға деген жалындаған арнау жырларын төкті, ұлтжандылыққа, ар-намысқа үндейтін өлеңдері мен поэмаларын жан тебірене оқыды. Мұхтар атамыз жауқазын буынның қазақ әдебиетіне, өз жырларына деген шексіз махабатына ризашылығын білдіріп, «Өлең құрау» өлеңін оқып берді.

Кеш соңында студент-жастар отты ақынға сұрақ қойып, ақыл-кеңесін сұрады, ақ батасын алып, кітабына қолтаңба алды. Сексеннің сеңгіріне шыққан Мұхтар ақын 14 жастан бастап имандылыққа бет бұрған екен. Ол күні бүгінге дейін ешкімге айтылмаған осы сырымен бөлісіп, жастарды елінің жанашыры болуға, адал жолмен жүріп, шыншыл болыңдар деген тәрбиелік мәні зор ақылымен бөлісті.



Бұл ән бұрынғы әннен өзгерек. Шахановтың шығармашылық кеші бұл жолы ерекше өтті, жастар жағынан оқылған жырлар толастамады, қатысушылар «Арыс жағасында» әнін қосыла шырқады. Бұл сәт ақынның көзіне жас толтырды.

Ұлт руханиятының рухы тұлғасының шығармашылығымен сусындаған кештің жастарға берер тәрбиесі орасан, тағылымы мол болды.

ОБСУЖДЕНЫ ВОПРОСЫ ПОВЫШЕНИЯ КАЧЕСТВА ПРАВА



В Казахстане законодательство развивается с небывалой быстротой, что связано со значительными изменениями в общественных отношениях. Государственные законы претерпели заметную эволюцию, и ключевой задачей в настоящее время является улучшение их качества. Сегодня на факультете «Юриспруденция» ЮКУ им. М. Ауэзова, на кафедре «Гражданское право и гражданский процесс», прошла встреча на тему «Правовая оценка и интерпретация нормативных правовых актов в Республике Казахстан», где обсуждались данные вопросы.



В мероприятии приняли участие декан факультета «Юриспруденция»

М. Еликбай, старший преподаватель кафедры «Гражданское право и гражданский процесс», к.ю.н. А. Исмаилов, председатель коллегии адвокатов города Шымкент С. Баймуратов, заместитель руководителя палаты частных судебных исполнителей Шымкента А. Сартбаева, а также представители юридического сообщества и студенты.

СТУДЕНТ АУЭЗОВА ПОЛУЧИЛ СТИПЕНДИЮ ФОНДА НУРСУЛТАНА НАЗАРБАЕВА

Ежегодно в республиканском конкурсе Фонда Нурсултана Назарбаева принимают участие студенты университетов из разных регионов Казахстана. Лучший студент получает стипендию фонда Назарбаева. Определены обладатели стипендий нового учебного года (2024-2025). Среди них есть студент Ауэзов университета.

За высокий уровень успеваемости, причастность к общественному благу, активное участие в научно-исследовательской деятельности, творческое развитие, достижения в республиканских и международных конкурсах и проектах решением конкурсной комиссии Мырзаханқызы Дина, студентка 5 курса кафедры «Ветеринария» факультета «Аграрный» Южно-Казахстанского университета имени М.Ауэзова, признана победителем Республиканского конкурса Фонда Нурсултана Назарбаева по направлению «Наука».

Поздравляем победителя Республиканского конкурса Фонда Нурсултана Назарбаева и желаем успехов в дальнейшем развитии и достижении больших высот в сфере образования и науки!





УЧЕНЫЙ, КОЛЛЕГА, ПЕДАГОГ

8 ноября 2024 года отмечает 70-летний юбилей Евгений Иосифович Шабанов, известный ученый и организатор, кандидат исторических наук, доцент кафедры «Всеобщая история и музейное дело» Южно-Казахстанского университета им. М.Ауэзова.

К 70 годам Евгений Иосифович накопил массу знаний и жизненного опыта, которые служат путеводной звездой в навигации по жизненным перипетиям. Накопленная им мудрость дает ценные знания студенческой молодежи о том, как справляться с трудностями и принимать обоснованные решения.

Думаем, что залогом достижений Шабанова Е.И. являются присущие качества: талант ученого и организатора, фундаментальные энциклопедические знания, целеустремленность, фантастическая работоспособность.

Родился Евгений Иосифович Шабанов в селе Пролетаровка Толбейского района Южно-Казахстанской области 8 ноября 1954 году в семье рабочих.

Общий стаж трудовой деятельности составляет более 53 лет. В 1972 году после окончания школы

поступил на работу в качестве электрика на завод фосфорных солей. В эти годы активно занимался в секции парусного спорта, где выполнял норматив кандидата в мастера спорта. Участвовал в парусных регатах, проводимых в Казахстане - Огни Капчагая, Балхаше и др. Также занимался спринтерскими видами легкой атлетики.

С ноября 1972 г. по ноябрь 1974 г. находился в рядах Советской Армии. Служил в школе младшего командирского состава в должности заместителя командира взвода, в звании старшего сержанта. За образцовую службу получил направление для поступления в пединститут. В армии вступил в ряды КПСС.

На втором курсе педагогического института был приглашен на работу в Дзержинский райком комсомола Шымкента - зав. отделом. С сентября 1977 года - секретарь

комитета комсомола Шымкентского педагогического института. С декабря 1979 года - первый секретарь Дзержинского райкома комсомола. С января 1981 года - второй секретарь Шымкентского обкома комсомола. За активную работу по воспитанию молодежи награжден грамотой Верховного Совета Казахской ССР, а также отраслевыми нагрудными знаками и грамотами.

С января 1984 года - инструктор Шымкентского обкома Компартии Казахстана. А с 1986 года - заместитель председателя Шымкентского исполкома городского Совета народных депутатов.

За эти годы Евгению Иосифовичу удалось поработать под руководством таких замечательных людей профессионалов-интеллектуалов и прекрасных организаторов: ректора пединститута Сарсембаева М.С., первого секретаря Дзержинского райкома Компартии Казахстана Алиповой К.Т., первого секретаря обкома комсомола Сейджаппарова Н.С., первого секретаря Шымкентского обкома партии Аскарва А.А., зам председателя облисполкома Боповой Д.Б., мэра города Шымкент Адырбекова Ж.А., секретаря горкома партии Бараховой С.Ж., ректора ЮКГУ им. М. Ауэзова Медеуова Е.У. и Сапарбаева М.Б. и др.

С 1991 года Шабанов Е.И. - проректор по учебной работе Шымкентского педагогического института физкультуры. С 1996 года по 2001 год - проректор по экономике и хозяйственным связям Южно-Казахстанского государственного университета им. М.Ауэзова.

С сентября 2001 по 2011 годы - заведующий кафедрой «Всеобщая история и археология» ЮКГУ им. М. Ауэзова. Долгое время занимал должность доцента кафедры «Международные отношения и политология».

Является одним из ведущих в регионе специалистов в области истории стран Европы и Америки, Азии и Африки в новое и новейшее время. По читаемым дисциплинам им написаны электронные учебники, которые закреплены удостоверением об авторских правах.

Всего за годы работы Е.И. Шабановым подготовлены и изданы 9 учебно-методических пособий объемом 17 п.л., курсы лекции объемом 15 п.л. по читаемым дисциплинам, а также 19 электронных учебников и электронных учебных пособий.

Евгений Иосифович длительное время занимается изучением проблем международных отношений в Центральной Азии. Принимает участие в международных, республиканских, а также региональных конференциях, им опубликовано 204 статьи и методических материалов.

Евгений Иосифович Шабанов внес значительный вклад в совершенствование системы науки и образования: улучшились все основные показатели деятельности кафедры, значительно укреплены научно-образовательный, кадровый потенциал кафедры, имидж педагогической профессии; сделан мощный акцент на воспитании будущей научной элиты через вовлечение талантливой молодежи в движения вуза. Так, за годы руководства кафедрой «Всеобщая история и археология» им была сформирована научная школа и успешно защищены диссертации на соискание ученой степени кандидата и доктора исторических наук Байтанаева Б.А., Отарбаевой Г.К., Тапалова Д., Камалдинова Р.А., Жанысбековой Г.А., Тажмухановой Н.Е., Жанысбекова М.А., Турадилова М., Абдухаимова Е., Жумабекова М., Мусакуловой Г.И., Тулкиевой Б., имеют научные степени доктора PhD Батырбек Г., Изенбаев Б..

Юбилей Евгения Иосифовича - праздник для всего города Шымкента, Туркестанской области да и всей республики, в котором живут и трудятся десятки выпускников и будущих абитуриентов.

Шабанов Е.И. для многих является воплощением интеллигентности, образцом ученого, который уделяет очень большое внимание научно-просветительской деятельности, работе по сохранению академических и культурных традиций.

Научный потенциал Е.И. Шабанова и созданных им научных школ широко востребован при реализации образовательных программ и грантов.

Евгений Иосифович, коллектив кафедры «Всеобщая история и музейное дело» ЮКУ им. М. Ауэзова поздравляет Вас с днем рождения и с 70-летним юбилеем и благодарит за годы ответственной, кропотливой и прогрессивной работы на благо вуза и системы образования в целом, грамотное руководство и неустанный мотивацию сотрудников кафедры к реализации научно-исследовательской деятельности. Счастья, здоровья, мира и добра, новых научных открытий и вдохновляющих идей!

От всей души желаем Вам и впредь оставаться таким же неравнодушным, целеустремленным, активным! Пусть в большом и важном деле - служении на благо отечественной науки и образования - Вам всегда помогут Ваши глубокие равносторонние знания, богатый профессиональный опыт, поддержка коллег и близких. Крепкого здоровья, успехов во всех начинаниях, новых побед и достижений!

Коллектив кафедры «Всеобщая история и музейное дело» ЮКУ им. М.Ауэзова

ТІЛ ТАҒДЫРЫ – ЕЛ ТАҒДЫРЫ

Менің сабақ берудегі басты міндеттерімнің бірі -- өз студенттерімнің қазақ тілін оқып-үйренуге деген қызығушылығы мен ынта-ықыласын арттырып, олардың тұлға ретінде және кәсіби жағынан қалыптасуына оң ықпал ету болып табылады. Қазақ тілін оқып-үйренудің мотивациясы ретінде студенттердің кәсіби қызығушылығының артуына оң ықпал ететін болады. Олар өзінің еңбек жолында жоғары жетістіктерге жету үшін білімді де білікті маман болып жетілуі керек. Заманауи маман кәсіби салада өзінің жоғары біліктілігімен көпұлтты ортада жұмыс істеуге даяр болу қажет.

Қазіргі таңда кәсіби-техникалық саланың мамандарын даярлайтын оқу орындарында «Қазақ тілі» пәні жүйелі түрде оқытылып отыр. Бұл пәннің басты мақсаты -- студенттердің тұлғалық және кәсіби жағынан қалыптасуына оң ықпал ететін коммуникативтік компетенциясын (тілдік, әлеуметтік-мәдени) дамытуға көмектесу болып табылады. «Қазақ тілі» пәні біздің Мұхтар Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университетінің колледжінде де жүйелі түрде оқыталады. Заманауи маман өзінің күнделікті өмірінде және кәсіби қызметінде тілдерді тұрмыстық деңгейде ғана емес, іскерлік мақсатта да емін-еркін меңгеруі қажет. Сан алуан мамандық бойынша оқитын студенттер теориялық білімін тереңдетіп, өз саласына қажетті терминологияны, іскерлік құрылымы туралы мәліметтерді меңгертін болады. Өз тәжірибемде сабақты дәстүрлі қалыптан тыс жүргізіп, рөлдік ойындар, қызғылықты лекциялар, пікірталастар, әртүрлі әдіс-тәсілдерді қолданып, терминологиялық диктанттар жазуды ұйымдастырамын. Мәтіндермен жұмыс істеп, лексиканы меңгеруге үндеймін. Мұндай сабақтар студенттердің тіл үйренуге деген қызығушылығын арттырып, көзқарасын кеңейтіп, танымдық қызметін дамытуға оң ықпал ететін болады. Оқу барысының нәтижесі бойынша студенттер грамматиканы, сөйлем құрау жөніндегі стилистиканы, лексикалық материалды қолданудың ерекшеліктерін оқып-үйренетін болады. Осы пән бойынша оқу-әдістемелік материалдардың жетіспеушілігіне байланысты туындаған проблемаларды шешуге мүмкіндік беретін жаңа озық әдістерді қолдануға

Тіл білу -- бәсекеге қабілетті сапалы кадрлар даярлаудың алғышарттарының бірі екені даусыз. Еліміздің маңызды Мемлекеттік бағдарламаларында қазақстандықтардың бәсекеге қабілеттілігін арттырудың негізгі факторы ретінде үш тілді (қазақ, орыс, ағылшын) білім беруді дамытудың қажеттілігі атап өтілді. Колледждерде мемлекетті тілді оқытып-үйрету -- ондағы түлектерді Қазақстан Республикасының кәсіпорындарында жұмыс істеуге даярлаудың құрамдас бөлігі ретінде қарастырылады. Ондағы студенттердің тіл білу деңгейі нарықтық экономика жағдайындағы кәсіби және қоғамдық жұмысты табысты жүргізудің деңгейіне лайықты болуы керек.

Жас ұрпақты тәрбиелеу, оларға ғылым мен білімді үйрету тіл арқылы жүзеге асады.

талпынамын. Тәжірибе көрсетіп отырғандай, сабақ барысында қызғылықты, көкейкесті, қолжетімді мәтіндерді қолдану арқылы қазақ тілін кәсіби деңгейде оқып-үйренуге болатынын аңғарамыз. Тілдің тағдыры – баршамыздың қолымызда. Тіл – адамдар арасындағы қарым-қатынастың аса маңызды құралы ғана емес, ойлаудың, дүниетанымның, рухани мәдениетті жасаудың ұлттық ұжымдық тәрбиесін жинақтаудың, сақтаудың құралы. Жас ұрпақты тәрбиелеу, оларға ғылым мен білімді үйрету тіл арқылы жүзеге асады. Қорыта айтқанда, педагогикалық ғылым мен тәжірибе ұштасқанда біздің ұтарымыз көп болмақ.

Қарлығаш ҮСЕНҚҰЛОВА,
Мұхтар Әуезов атындағы
Оңтүстік Қазақстан университеті
Ақпараттық білім беру
орталығының кітапханашысы,
ОҚУ колледжінің оқытушысы.



Жоғары оқу орындары арасында тәжірибе алмасу

Кафедрада ішкі және сыртқы академиялық ұтқырлық бағдарламасы белсенді жүргізілуде Ресей Халықтар Достығы университеті, Орлов Н.В.Парахина атындағы мемлекеттік аграрлық университеті, Оренбург мемлекеттік аграрлық университеті, Өзбекстанның Ташкент мемлекеттік аграрлық университеті, Самарқандағы мемлекеттік Ветеринарлық медицина және Биотехнология университеті, С.Сейфуллин атындағы агротехникалық университет Астана қ., "Семей қ. Шәкәрім атындағы университет" КеАҚ және Білім алушыларға арналған тәжірибеден өту туралы келісім шарт, «Logo e.v. Одағы»(шығыс Еуропадағы Ауыл шаруашылығы және экологиялық тепе теңдік) коммерциялық емес қауымдастығы жетекші ғалым-профессорларының, жоғары оқу орындарының, шаруа қожалық, мекеме мамандарының қатысуымен, кафедрада мерзімді түрде халықаралық қысқы және жазғы мектептер, ғылыми коллаборация және халықаралық ынтымақтастықты арттыру мақсатында халықаралық дөңгелек үстелдер ұйымдастырылады.



Германия елінде (Bundesagentur für Arbeit) шаруа қожалықтарында практикадағы М.Әуезов ат. ОҚУ студенттері.

Шетел ғалымдарын дәріс оқуға тарту туралы Бұйрық №1884-жқ 20.12.2023ж. Өзбекстан республикасы Самарқандағы мемлекеттік Ветеринарлық медицина, мал шаруашылығы және биотехнология университеті және М.Әуезов ат.ОҚУ арасындағы өзара ынтымақтастық келісім шартына сәйкес Исаев Музаффар, Журакулов Кобил Хуррамович «Ветеринарлық медицина, ветеринарлық фармацевтика» кафедра оқытушы профессорлар құрамы – 6В09111-Ветеринарлық медицина білім беру бағдарламасының білім алушыларына тақырыптары бойынша 06-08.12.2023ж. аралығындағы мерзімде дәрістер оқыды және Самарқандағы мемлекеттік Ветеринарлық медицина, мал шаруашылығы және биотехнология университетінен 10 бала 3-4 курс студенттерін ерте келген тәжірибе алмасуға жоғары рейтингілі жоғары оқу орнына іс сапармен. Білім алушыларға арналған тәжірибеден өту туралы келісім шарт, «Logo e.v. Одағы»(шығыс Еуропадағы Ауыл шаруашылығы және экологиялық тепе теңдік) коммерциялық емес қауымдастығы ұйымдастыруымен.

Германия еліне (Bundesagentur für Arbeit) шаруа қожалықтарына, Шығыс Еуропадаі ауыл шаруашылығы және экологиялық тепе-теңдік ұйымынын (Союз FOOO) жетекшісі Хартвиг Меннен «Ветеринарлық медицина» мамандығы бойынша жазғы тәжірибелік практикаға келісім

шарт негізінде кеткен 3 курс студенттері: М.Әуезов ат.ОҚУ Бұйрық 17.04.2024ж. №471с. Аграрлық факультетінің 6В09111 - «Ветеринарлық медицина» білім беру бағдарламасы бойынша күндізгі оқу бөлімінің 3 курс білім алушылары 26.04-25.10.2024 ж. көрсетілген мерзім аралығында Хойзенштамм, Дюррен, Гайхлинген, Эберн, Хеттинген қалаларына (Германия) ауылшаруашылық практикасын өтуге жіберілсін және оқу жоспары онлайн форматта жүргізілсін.

Германия еліне (Bundesagentur für Arbeit) шаруа қожалықтарына «Ветеринарлық медицина» мамандығы бойынша жазғы тәжірибелік практикаға келісім шарт негізінде 26.04-25.10.2024ж. аралығына кеткен 3 курс студенттері: 1.Сабырәлі Батыйхан Аманәліұлы АП-21-8к1тобынан - «Jugpen Schipelleg» шаруа қожалығы, Германия Эберн қаласы, 2.Рсымбетов Тұрар Есетұлы АП-21-8к1 тобынан - Franz Fichtner» шаруа қожалығы, Германия Хеттинген қаласы, 3.Алекбар Сымбат Мұхтарқызы АП-21-8тк тобынан - «Franz Fichtner» шаруа қожалығы, Германия Хойзенштамм қаласы, 4.Шарипбаева Ширина Ильямовна АП-21-8тк тобынан - «Christoph Vochgodeg» шаруа қожалығы, Германия Дюррен қаласы, 5.Тажиханов Гиязхан Тахирович АП-21-8к3 тобынан -«Wolfgang Wagner» шаруа қожалығы, Германия Гайхлинген қаласында шет елде жүр.

Астана қ. С.Сейфуллин ат.ҚазақАТУ КеАҚ ішкі академиялық оралымдылық бағдарламасы бойынша 02.09-31.01.2024-2025жж. аралығында оқитын студенттер. Әділбек Жанеля Кәдірбекқызы, Бейсенбай Аружан Дәуіржанқызы, Бейсенбаева Мөлдір Ерікқызы 6В09111 – Ветеринарлық медицина АП-21-8дк3тобы,4 –курс студенттері.

Семей қ. Шәкәрім ат.ҚазақАТУ КеАҚ ішкі академиялық оралымдылық бағдарламасы бойынша 02.09-31.01.2024-2025жж. аралығында оқитын студенттер. Даулетхан Элвира Даулетханқызы Жанай Балжан Елеусізқызы, Көпжасарова Назгүл Бекзатқызы, Қайратқызы Ақерке, 6В09101-Ветеринария В-202. 3-курс студенттері. Ветеринарлық микробиология и вирусология, Ветеринарлық гигиена и санитария, Патология животных, Ветеринарлық фармакология и токсикология, Ветеринарлық акушерство и гинекология. (студенттер "Семей қ. Шәкәрім атындағы университет" КеАҚ) Бұйрық 02.09-31.01.2024-2025жж.

Орал қ. Жәңгір хан атындағы БҚАТУ КеАҚ ішкі академиялық оралымдылық бағдарламасы бойынша 02.09-31.12.2024ж. оқитын студенттер.

Жәңгір хан атындағы БҚАТУ ішкі академиялық оралымдылық бағдарламасы бойынша 02.09-31.01.2024-2025жж. аралығында оқитын студенттер. Уразова Бәлім, Өтебаев Мирас

Ерболов Нүркен, Елдос Мөлдір, Шапағатов Рахат, Байдуллаева Адина, 6В09100-Ветеринария В-202. 4-курс студенттері. Ветеринарлық микробиология и вирусология, Ветеринарлық гигиена и санитария, Патология животных, Ветеринарлық фармакология и токсикология, Ветеринарлық акушерство и гинекология. (студенттер Жәңгір хан атындағы БҚАТУ КеАҚ) Бұйрық 02.09-31.01.2024-2025жж.

Auezov university-2024 халықаралық жазғы мектеп тақырыбы: «Аграрлық ғылымды әлемдік білім беру кеңістігіне интеграциялау, Интеграция аграрной науки в мировое образовательное пространство» М. Әуезов ат.ОҚУ, 03-14 маусым, 2024 жыл, Онлайн, Zoom платформасында (Шымкент қ. Қазақстан Республикасы). Мақсаты: Аграрлық ғылымды әлемдік білім беру кеңістігіне интеграциялау саласындағы проблемаларды талқылауға және практикалық шешімдер қабылдауға ғалымдар мен мамандарды тарту. «Ветеринарлық медицина» кафедрасынан алыс – жақын шетел оқытушы профессорлар мен ғалымдар түрлі тақырыпта қазақ, орыс, ағылшын тілінде дәрістер оқыды: Сингариева Наталья Шукатовна, Белова Лариса Михайловна, Сахно Николай Владимирович, Усенбаев Алтай Егембердиевич, Мырзақұлов Серғалы Мейманқұлұлы, Қайрат Жәлелұлы Исхан, Гіміңгүл Мұқантай, Халмурзаев Абдирашит Назирбекович, Әбутәліп Әспен Әбутәліпұлы, соңы Алғыс хат пен сертификат табысталды. Университет, факультет, кафедра басшылары және топ тәлімгерлерімен күнделікті академиялық ұтқырлық жұмыстарымен, түрлі оқу, ғылыми, практика, семинар мәселелер жөнінде ақыл кеңестер сұрастырып алмасудамыз Онлайн жүйесі ZOOM платформасында.

Германия, Өзбекстан, Астана, Семей, Орал университет, факультет, кафедра басшылары және топ тәлімгерлерімен күнделікті академиялық ұтқырлық жұмыстарымен, түрлі оқу, ғылыми, практика, семинар, болашақ жоғары білікті маман иелерінің мәселелер жөнінде ақыл кеңестер сұрастырып білім алмасудамыз Онлайн жүйесі ZOOM т.б. платформаларда.

Аграрлық факульт.«ВМ» каф.акад.ұтқыр жауапты: в.ғ.к., доцент Тұтқышбай И.А.



Астана қ. С.Сейфуллин ат.Қаз.АТУ ішкі академиялық оралымдылық бағдарламасы бойынша оқитын М.Әуезов ат. ОҚУ студенттері.



Семей қ. Шәкәрім ат.ҚАТУ ішкі академиялық оралымдылық бағдарламасы бойынша оқитын студенттер.



Орал қ. Жәңгір хан атындағы БҚАТУ ішкі академиялық оралымдылық бағдарламасы бойынша оқитын студенттер.

МЕНИҢ ЖЕТИСТІГІМ – МЕНИҢ НӘТИЖЕМ

М.Әуезов атындағы ОҚУ «Механика және машина жасау» кафедрасының ұйымдастыруымен профессор-оқытушылар құрамы, студенттер, магистранттар, докторанттар және арнайы шақырылған қонақтар, университетіміздің түлектері «KARLSKRONA LC_AB» ЖШС коммерциялық директоры С.Н.Жораевтың, «KazFerroGroup» ЖШС өндірісті үздіксіз жақсарту бөлімі жетекшісі А.А.Турановтың қатысуымен «Менің жетістігім – менің нәтижем» атты мерекелік іс-шара өтті.



Қазіргі таңда «Механика және машина жасау» кафедрасында машина жасау бағытына сәйкес бакалавриат бойынша 6B07120 - «Машина жасау», 6B07124 - «Электротехникалық машинажасау және энергетикалық ж.йелер инжинирингі», 6B07125 - «Мұнай-газ машина жасау», магистратура бойынша 7M07120 - «Машина жасау», 7M07123 - «Машина жасаудағы 3D модельдеу» және докторантура бойынша 8D07120 - «Машина жасау» заманауи білім беру бағдарламалары жүзеге асырылып келеді.

Кафедраның серіктес-өндіріс мекемесі - «KARLSKRONA LC_AB» ЖШС-мен бірге соңғы 10 жылдан берікеңінен қолданылып жүрген дуалды оқыту жүйесінің жеңісі және жемісті нәтижесі деп білеміз. «Механика және машина жасау» кафедрасы профессор-оқытушылары университетімізде «Машинажасау» мамандығы алғашқы ашылған 2007 жылдан бері ел экономикасының өсіп-өркендеуіне үлестерін қосып, ауыл шаруашылығы, жеңіл өнеркәсіп, электроэнергетика, мұнайгаз, медициналық құрал-жабдықтар мен техника және т.б. өндіріс мекемелеріне сапалы мамандар дайындап келеді.

«Менің жетістіктерім – менің нәтижелерім» ұранымен өткен іс-шараны кафедра меңгерушісі, т.ғ.к., доцент, ҚазҰЖФА академигі Дархан Сапарбайұлы Мырзалиев ашты. Өз сөзінің басында ол жиналғандарды М.Әуезов атындағы ОҚУ Басқарма Төрағасы – ректоры м.у.а. Бесбаев Ғани Әбзелбекұлы арнайы құттықтауымен таныстырды. Содан кейін 2023 жылдың соңында ел Үкіметі «Қазақстан Республикасының машина жасау саласын дамытудың 2024-2028 жылдарға арналған Кешенді жоспарын» бекіткенін еске салды. Өндірістік және ғылыми-техникалық әлеуетті дамыту, еңбек өнімділігінің өсуі, ұлттық қауіпсіздік және елдегі өмір сапасы тәуелді машина жасау әлемнің өңдеуші өнеркәсібінің жетекші саласы болып табылатыны



және сол арқылы өнеркәсіп пен ел экономикасының бәсекелестік артықшылығын айқындайтыны атап өтілді. Сала өңдеуші сектор тауарларының жаһандық экспортының шамамен 50% - құрайды.

«Механика және мұнай-газ дело» факультетінің деканы, т.ғ. к., доцент Рысдәулетов Р. А. құттықтау сөз сөйледі, ол кафедра ғалымдарының назарын тек аймақтың ғана емес, республиканың машина жасау кәсіпорындарын сапалы кадрлармен қамтамасыз етуге қосқан үлесіне аударды.

Кафедра меңгерушісі Д. С. Мырзалиев Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысын орындау жоспарындағы кафедраның міндеттері туралы айтып берді. Сондай-ақ-кафедраның атқарған жұмысы және алдағы уақытта атқарылуы қажет жұмыстар туралы. «Машина жасау саласын дамыту жөніндегі кешенді жоспар ...»отандық өндірушілерді қолдауға және машина жасау саласының бәсекеге қабілеттілігін арттыруға бағытталған. Машина жасау саласын дамыту жөніндегі міндеттердің бірі білікті кадрлармен қамтамасыз ету және ҒЗТКЖ дамыту болып табылады. Көптеген жыл-

дар бойы кафедраның серіктесі «KARLSKRONA LC_AB» ЖШС болып табылатын дуалды оқыту жүйесін енгізу бойынша кафедраның жетістіктеріне тоқталды.

«KARLSKRONA LC_AB» ЖШС коммерциялық директоры Санжар Жораев М.Әуезов атындағы ОҚУ-да оқуы туралы айтып берді. Өзінің оқытқан оқытушыларды есіне алды. 2016 жылдан бастап дуалды оқыту жүйесі бойынша 3-ші курста оқып, бір мезгілде «KARLSKRONA LC_AB» ЖШС-де жұмыс істегені туралы айтып берді. Ол токарь шәкірті қызметінен бастады және оқудың соңында СБЖ станоктарының токары болды. Қазір коммерциялық директор қызметін атқарады. Ол жұмыста және мансаптық өсуде жетістіктерге жету үшін өз бойында дамыту керек қасиеттер туралы айтты.

«KazFerroGroup» ЖШС өндірісін үздіксіз жақсарту бағытының басшысы Абдурайым Тұранов (ол да Санжар Жораевпен бір топта оқыды, сондай-ақ «дуалка» бойынша оқу кезінде токарь шәкіртінен СБЖ станоктарының токарына дейінгі жолдан өтті) студенттердің назарын жоғары нәтижелерге қол жеткізу үшін алдына қою қажет мақсаттарға аударды. 1 және 2 курс студенттеріне оқу жұмысын ұйымдастыруда және өзін-өзі жетілдіруде көмек көрсетудегі жоғары курс студенттерінің рөлі туралы тоқталды.

Кездесу соңында қонақтар жиналғандардың сұрақтарына жауап берді. Іс-шараның ресми бөлімі аяқталғаннан кейін студенттер қонақтарды бірден жібермеді, кәсіпорындардың жұмысы, болашағы, ғылыми жұмысы және т.б. туралы тағы да сұрақтар қойылды. Жиналғандардың ешқайсысы іс-шарада өткізген уақытына өкінбеді деп санаймын...

Серікбаев Б.Е. – т.ғ. к., «Механика және машина жасау» кафедрасының доценті.

РОБОТОТЕХНИКА – болашақ бағдары

Бүгінгі заман – робототехниканың қарышты дамыған кезеңі. Қазірде бұл экономиканы ілгерілетуші салаға да айналған. Өйткені, барлық салада жаңаша көзқарас қалыптасып, тиімді технология қолданысқа еніп отыр. Оның ішінде, сандық технологияның соңғы үлгісі болған жасанды интеллектке сұраныс күннен-күнге артып келеді. Бүгінде дамыған мемлекеттерде адам жасайтын жұмысты роботтардың атқарып жатқанына көз де үйренгендей. Енді біршама уақыт өткен соң «құлтемірлер» қасымызда қатар жүрсе таң қалмайтын да шығармыз. Осы тұста, әлемде жақсы дамыған робототехниканың тарихына үңіліп көрсек.



Негізінде, «робот» сөзін ең алғаш чех жазушысы К. Чапек ойлап шығарған. Ол алғашқы ұғымында «жұмысқа шебер адам» мағынасында қолданылды. Сол кезден бастап құлтемірлер адам тәрізді әрекет, қимылдар жасайтын машина, адам жүрісі мен қимылын айна-қатесіз қайталайтын автоматтандырылған құрылғы болып саналады. Оның тарихында 1464 жылы Леонардо да Винчи 12 жасында адам тәрізді бірнеше қимыл жасауға мүмкіндігі бар гуманоид автоматының жобасын құраған. Ал 1833 жылы Чарльз Бэббидж аналитикалық машинаны құрастырды. Бұл жобаға қатысқан Ада Ловелас – ең бірінші компьютерлік программист болып тарихқа енді.

XX ғасырдың бас кезінде Россумның әмбебап роботтары пайда болды. Бұл Карел Чапектың чех тіліндегі фантастика туындысы. Аталмыш туынды ағылшын тіліне «робот» ұғымын енгізді. Ал 1942 жылы ғылыми-фантастикалық мәнерде жазатын жазушы Айзек Азимов робототехниканың үш заңын ойлап табады. Ол заңдар жайлы сол жылы жазылған «Хоровод» еңгімесінде баяндаған. Атап айтқанда, бірінші, бір де бір робот адамға залал келтіре алмайды немесе әрекетсіздігімен залал келуіне жол бермейді. Екінші, бірінші заңға қарсы келмесе, робот адамның барлық бұйрықтарын орындауға тиіс. Үшінші, бірінші және екінші заңдарға қайшы келмесе, робот өз қауіпсіздігін қамтамасыз ету керек. Осы негізде, 1948 жылы Норберт Винер тәжірибелік робототехниканың негізін құрайтын кибернетиканың қағидала-

рын тұжырымдаған. Сол бойынша 1949 жылы Уильям Грей Уолтер «Тасбақа» деп аталатын алғашқы автономды роботты құрастырып шығарды. Роботтың түрі мен баяу қозғалуына байланысты «Тасбақа» деп аталыпты. Десе де, ең бірінші сандық басқаруы бар бағдарламалы робот «Unimate» болған. Ол робот ыстық темір бөлшектерді балқыту машинасынан көтеріп, жинауға арналған. Жалпы айтқанда, толығымен автономды роботтар XX ғасырдың екінші жартысында ғана пайда бола бастады. Міне, содан бергі уақытта робототехника саласына ерекше мән берген елдерде қарқынды дамып, бүгінде бұл сала экономиканың драйверіне айналып отыр.

Мәселен, робот жасау ісін айта қалсақ, ең алдымен күншығыс елдері ойға түседі. Бұл тұрғыда, жапондықтар, қытайлықтар, корейліктер адам таңғаларлық роботтар жасауда алдарына жан салмауда. Мысалы, жақында қытайдың мемлекеттік «Синхуа» ақпарат агенттігі әлемде тұңғыш рет жаңалықтар жүргізетін роботты ұсынды. Бұл жөнінде аталған агенттік хабарлады. Оның түр-әлпеті, мінез-құлқы адамды айнытпай салады. Жасанды интеллект арқасында ол «тірі» әріптестерінен үлгі алып, дами алады екен. Виртуал жүргізушінің дебюті 7 қарашада Чжэцзян провинциясындағы интернет бойынша Дүниежүзілік конференцияда өтіпті. Келесі күні ол ресми түрде жұмысына кіріскен. Агенттік мәліметінше, дәл осындай екі диктор болады екен: олардың бірі ағылшын тілінде жаңалықтар оқыса, екіншісі қытай

тілінде жаңалық жүргізеді екен. Синтезделген дауыспен қатарласатын осындай роботтар арқылы агенттік телеарнаға, сайттың және ұялы құрылғыларға жаңалықтарын жылдам дайындай алатын көрінеді. «Синхуа» өкілдері бұл технологияның мән-жайын әлі ұсынбаған. Алайда, жаңа роботтардың тәулігіне 24 сағат бойы жұмыс істей алатыны хабарланып отыр. Бұл дегеніңіз, қазірдің өзінен жасанды интеллект адам орынын басты деген сөз. Жақын болашақта адамдарға қарағанда жұмысты арзанырақ, жинақы және нық орындайтын құлтемірлер қатары көбеймек. Яки, кемел келешекте роботтардың рөлі ерекше болмақ.

Робототехника дамыған елдер тізбегінде АҚШ, Германия, Ұлыбритания мемлекеттері де бар. Бұл елдердің де робот жасау ісіне қосқан үлестері мол. Ал аталмыш сала Қазақстанда енді қарқын алып келеді. Алдыңғы мемлекеттерден әлдеқайда артта қалсақ та, жаңа салаға ерекше ден қойылуда. Қазақ баласының да жасанды интеллект жасауға деген құлшынысы ерекше. Робототехника бойынша әлем елдерімен иық теңескенде мұның ел үшін септігі тимек.

**Қалдыбекова Гүлфайрус
Жантемірқызы
М. Әуезов атындағы ОҚУ
Информатика пән оқытушысы,
Алтынбеков Дархан
жас маман арнайы пән
оқытушысы**



Будущее принадлежит тем, кто верит в свою мечту

На базе нашей кафедры «Современные языки и переводоведение» уже на протяжении нескольких лет функционирует кружок французского языка. В работе кружка принимают участие студенты 1-3-х курсов, интересующиеся французским языком и культурой этой страны.

В течение учебного года мы активно участвуем во всех городских мероприятиях, организуемых Французским Альянсом Шымкента, а также в городских конкурсах Франкофонии. Например, в городском конкурсе французской поэзии наши студенты уже 2 года занимают 1, 2, 3-е места. С большим интересом ежегодно участвуют они в городском конкурсе французской кухни, готовят различные французские блюда, комментируют компетентным жюри, состоящем из носителей французского языка. Заметным явлением стало проведение вечера французской песни весной этого года. На вечере приняли участие заведующая нашей кафедрой Карбозова Г.К., директор французского альянса, преподаватели альянса, преподаватели кафедры, студенты. В программе вечера прозвучали песни из репертуара известных французских исполнителей, как классиков – E.Piaff, J. Dassin, так и современных популярных певцов – C. Dion, Indila, Nour, Desireless. и даже ария Frollo из Диснеевского мультфильма – мюзикла «Bossu de Notre-Dame» и композиция «Fleurs du mal». Студенты очаровали всех присутствующих своим исполнением.

Самым творческим и насыщенным мероприятием в рамках Праздника Франкофонной весны является городской фестиваль постановок на французском языке. Ежегодно мы ставим постановки по мотивам знаменитых произведений французских писателей. Например, в 2022 году мы ставили «Маленького принца» Сент-Экзюпери, в 2023 году «Кота в сапогах» Ш. Перро, в 2024 году два спектакля двух жанров: трагедии и комедии – «Angesauveur» о национальной героине Франции Жанне д'Арк и «Gibier de potence» из жанра комедии. С большим мастерством воплотили свои образы наши студенты К. Кураева, Ергеш А. (ФИ-22 4кр), Әліпбай Х., Маратқызы А., (ФИ-22 7к3), Белова К., Сайдахматова Н., Крыкбаев И. (ФИ-22 7р2), Жуманазарова А., Тасболат Е. (ФИ-23 7к3), Жакибай А. (ФИ-23 3к6). Большую работу проделали наши студенты в качестве декораторов и звукорежиссеров. Наши спектакли были удостоены дипломов



в номинации «За художественный и режиссерский уровень спектакля», а лучшие студенты были номинированы в качестве «Лучших актеров и актрис».

Кроме того, с весны этого года у нас ежемесячно проводятся видеоконференции с Карлыгаш Абиевой – Вальмье, нашей землячкой, которая уже 20 лет живет и работает в Париже. Она является для нас живым воплощением мечты. Окончив школу-гимназию №8 в Шымкенте, Карлыгаш поступает

в Алма-Атинский институт иностранных языков, чтобы изучить французский язык. Далее поступает в магистратуру в Страсбурге, затем поступает в докторантуру в Париже, в Sciences Po (по направлению Политические науки) успешно защищает докторскую диссертацию. Благодаря своему трудолюбию и целеустремленности она реализовала свою мечту. В данное время она совмещает свою работу политолога с работой во французском суде, где она защищает интересы казахстанцев,

оказавшихся во Франции. В ноябре прошлого года она приезжала в Астану в качестве переводчицы Президента Франции Э. Макрона.

При этом она остается большой патриоткой Казахстана.

На первой нашей видеоконференции Карлыгаш рассказала о жизни во Франции, ее культурных, политических, социальных особенностях. Студенты задавали вопросы о том, как можно поступить на учебу во Францию, к чему надо себя готовить, на что обращать основное внимание при подготовке. Студентам ею были даны основательные, разносторонние, исчерпывающие, пошаговые ответы о том, как подготовиться к учебе во Франции, где особый упор был сделан на получение глубоких базовых знаний перед поездкой за рубеж.

На второй видеоконференции Карлыгаш презентовала информацию о государственных символах Франции: флаге, гимне, девизе Французской Республики, который менялся с каждой французской революцией. А их было пять в истории Франции. Затем показала фотографии и рассказала много интересного о знаменитых людях Франции – философах, ученых, а также о знаменитых женщинах Франции, внесших огромный вклад в развитие французского общества, поскольку встреча происходила в преддверии Междуна-



родного Женского дня 8 Марта. Оказалось, что во Франции 8 Марта это не красный день календаря. Но он считается международным днем прав женщин. Студенты задавали вопросы о жизни французских женщин, их социальных проблемах. Например, был вопрос о бытовом насилии. Ответ Карлыгаш нас очень удивил. Оказалось, что есть. Это связано с тем, что во Франции очень много иммигрантов. Но, поскольку девизом Французской Республики являются Свобода, Равенство, Братство, во французском обществе считается неpolitкорректным говорить о том, что бытовое насилие совершается в основном среди определенных слоев общества - иммигрантов. Одним словом, во Франции жители считаются французами и нет разделения по цвету кожи, расовой принадлежности, вероисповеданию. В последнее время ведется целенаправленная политика в целях обеспечения прогресса в достижении гендерного равенства.

Очень интересной и познавательной была наш 3-я встреча. На этот раз темой нашей встречи было знакомство с другой нашей легендарной соотечественницей Аллой Ильчун (1926-1989), «восточной жемчужиной», казашкой по отцу и русской по матери. Знаменита она тем, что ни много ни мало была музой для прославленных французских кутюрье Кристиана

Диора и Ив-Сен-Лорана. Настоящая ее фамилия была Елшын, но она была вынуждена скрывать свои корни из-за многих лет репрессий и преследований, так как расцвет ее творчества пришелся на 50-60 годы. Родилась она в Китае в семье казаха Куантхана Елшын, переехавшего из Казахстана в Китай, и русской Тамары Михайловой, певицы. На тот период в Китае начались также, как в СССР, гонения на инакомыслящих людей. Отец, чтобы оградить свою семью от преследований, отправил (он работал в управленческом аппарате железнодорожных путей) жену и дочь в Париж. Дальнейшая его судьба неизвестна. Там, чтобы выжить, Алла устроилась посудомойкой в одном из парижских кафе. И удивительным образом, случайно она зашла вместе с русской подругой на кастинг к самому Кристиану Диору. Тот, не обращая никакого внимания на русскую, сразу обратил свой взор на статную фигуру и необыкновенную красоту девушки с азиатской внешностью. В то время представлять высокую моду моделью с азиатской внешностью было сродни с революцией. И Кристиан Диор не ошибся. Публика была в восторге от манекенщицы Аллы Ильчун, ее точеной фигуры, стана, талией в 47 см, ее хороших манер. К тому же Алла говорила на 5 языках и значительно отличалась от своих коллег. Стрелки

на миндалевидных глазах стали модными во всем мире, благодаря Алле. Кристиан Диор представлял свои самые дорогие платья именно на ней и они мгновенно раскупались. Алла осталась в мире высокой моды яркой звездой.

Нам было очень интересно узнать о ней, благодаря творческой группе казахской диаспоры в Париже, в состав которой входила и наша Карлыгаш. Они создали ряд документальных фильмов об Алле Ильчун. Студенты задали вопросы и получили исчерпывающие ответы от Карлыгаш.

Следующей темой было знакомство с l'Art de vivre à la française - с искусством жить по-французски. Оно сводится к тому, чтобы сегодня, здесь и сейчас находить ощущение гармонии и счастья. Главная составляющая «искусства жить» — хороший вкус во всем: со вкусом одеться, обставить соответственно свой дом, умение подать себя, отправиться в интересное путешествие, выстроить свою жизнь таким образом, чтобы получать от нее максимум удовольствия. Мы, как правило, вкладываем здесь отрицательный подтекст.

По результатам одного опроса, 95% процентов французов счастливы и считают, что их соотечественники придерживаются такого же мнения (чего не скажешь о нас). В чем же секрет подобного

счастья? Для французов ответ очевиден — в позитивном мироощущении и отношении к жизни, как к удовольствию.

«Все виды искусств служат величайшему из искусств — искусству жить на земле» — писал Бертольд Брехт.

Карлыгаш показала презентацию об искусстве правильно накрывать на стол, как расставлять столовые приборы, о хороших манерах, разнообразии французских блюд, которые существенно отличаются друг от друга в разных регионах Франции, и т.д. Ведь известно, что именно французская кухня является наследием мировой нематериальной культуры по решению ЮНЕСКО. Здесь также студенты получили ответы на многие интересовавшие их вопросы.

В целом, нашим студентам очень нравятся такие встречи. Они заряжают их, повышают их мотивацию к изучению французского языка, учат трудолюбию и целеустремленности на пути к воплощению своей мечты, учат занимать активную гражданскую позицию в обществе.

**Старший преподаватель
кафедры «Современные
языки и переводоведение»
Ералиева З.Ж.**

